

мемлекеттік мекемесінің «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің

№4 хаттамасы

03-маусым

Ақтобе қаласы

Күн тәртібінде

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3-тарау 12 тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері /Романова Ж.О./

Қатысқандар саны-20

өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері-11

қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л.З.Жалмаханова күн тәртібінде қойылған мәселе бойынша таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп-гимназиясы директоры Ж.О.Романоваға берді.

Сөйлеуші Ж.О.Романова өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2 тармақшаларына сәйкес «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының кезектен тыс өткізілген №4 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01 наурызынан 29 наурыз аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру ұйымдарының қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді (*слайдпен бағалау парағы көрсетілді*). Гимназияның қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтарымен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланады. Мектеп-гимназиясы педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан офлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы

көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қ.Қ.Қуан мектеп-гимназия қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, жан басына шаққандағы қаржы мектептің ішкі жөндеу жұмыстарына бағытталса, материалдық базаны әріқарай жаңартуға ұсыныс жасалды. Мектеп-гимназиясы директоры Ж.О.Романова қойылған ескертулер бойынша Қ.Қ.Қуанға 2022 жылдан бастап жалпы мектеп-гимназиясының материалдық базаны жаңартуды, мектеп-гимназияны толық күрделі жөндеу жұмыстарынан өткізуді алдын ала жоспарланған, рет ретімен 2022-2024 ж.ж. жүзеге асырылып жатқандығын айтты. 2023 жылдың 19 желтоқсанында өткен №6, 2024 жылдың 23 мамырында №3 қамқоршылық кеңестерінде жан басына шаққандағы бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыу жөнінде жылдық есептері берілді. 2023 жылда тоқ көздері, кәріз жүйелері, толық ауыстырылды. Шатыр ашылып, қайтадан жаңартылды. Үшінші қабаттағы 10 оқу кабинеті, асхана, мәжіліс залы, дәретханалар, душ бөлмелері күрделі жөндеуден өтті. 5-интерактивті панель, 1 лэджкрам, 2 комплект парта, орындық, үстелдер, оқу кабинеттерге шкафтар алынды. Қазіргі таңда 2024 жылға жан басына шаққандағы бөлінген қаражаттың жұмсалыу жоспарына сәйкес технология кабинеттері (ұлдарға, қыз балаларға) алынып жатыр, 3 интерактивті панель алынды, физика кабинетінде тоқ көздері жүргізілді, 2-3 қабаттағы дәліздерде, медициналық кабинетке, логопед, дефектолог кабинеттерінде, спорт залда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Апаттағы бағандарды күрделі жөндеуге, мектеп сыртын қаптауға, мектеп ауласына брусчатка салуға толықтай ПСД жасалды, 2025 жылға жоспарланып отыр.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л.З.Жалмаханова өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысы қолдайтындығын атап өтті.

Мектеп-гимназиясы директоры Ж.О.Романова кеңес мүшелерінің сұрақтарына толық жауап берді.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып,талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1.Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
- 2.Берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
- 3.Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:

Л.З.Жалмаханова

Хатшы:

Б.З.Матаева

Кеңес мүшелері:

Қ.Қ.Қуан

Б.Б.Гизатов

Т.Ж.Бабакулов

Б.У.Бакаева

Г.А.Амирова

М.С.Ержақып

О.Б.Шартикенова

А.Е.Сексенбаев